**"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы " Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығына N 4 толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 6 желтоқсандағы N 37 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 26 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2101. Күші жойылды - ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2005 жылғы 2 маусымдағы N 75 Бұйрығымен

*-----------Бұйрықтан үзінді----------*

*"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 1362 "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" қаулысының қабылдануына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.*

*2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қатынастарға әрекет етеді.*

*Министр*

*Қазақстан Республикасы*
*Экономика және бюджеттік*
*жоспарлау Министрлігінің*
*2005 жылғы 2 маусымдағы*
*N 75 бұйрығына қосымша*

*Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту бойынша бұйрық тізбесі*

*35. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 6 желтоқсандағы N 37 (тіркелген N 2101) "Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы бұйрығына N 4 толықтыру енгізу туралы" бұйрығы...*

*------------------------------------*

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 және 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 122 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 карашадағы N 1247 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджеттік шығыстардың функционалдық сыныптамасында:

12 "Көлік және байланыс" функционалдық тобында 1 "Автомобиль көлігі" кіші функциясында 215 "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" бағдарлама әкімшісі бойынша 036 "Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу және оны қайта жаңарту" бағдарламасы мынадай мазмұндағы 061-кіші бағдарламасымен толықтырылсын:

"061 Шымкент-Түркістан участкесінде Самара-Шымкент автомобиль жолын қайта жаңарту".

2. Бюджеттік саясаты және жоспарлау департаменті (Б.Т.Сұлтанов) Құқықтық және ұйымдық жұмыс департаментімен (Е.Е.Исаев) бірге осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы 25 қарашадан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК